

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 26 қараша N 534-ө

1. Ерте көктемгі және күзгі үсік шалудың, бұршақ соғу мен құрғақшылықтың нәтижесінде үстіміздегі жылы Алматы облысының Кеген және Райымбек аудандарындағы көптеген шаруашылықтарда дәнді дақылдар мен басқа да ауыл шаруашылығы өнімдері астығының төмен болуы ауыр экономикалық жағдай туғызды. Туындаған қыындықтарды жою мен зиян шеккен ауыл шаруашылығы өнімдері тауарларын өндірушілерге көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау Мемлекеттік қоры Алматы облысына 1996 жылды бөлінуге тиісті қаражатты осы қордан қаржы төлеудің қолданылып жүрген тәртібіне сәйкес құрғақшылықтан айрықша зиян шеккен Кеген және Райымбек аудандарының шаруашылықтарына бірінші кезекте жіберуді қамтамасыз етсін.

Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау мемлекеттік қорының Республикалық ведомствоаралық кеңесіне алдағы малды қыстатуды дайындау мен өткізу жөніндегі шұғыл шараларды жүзеге асыру үшін аталған аудандардың шаруашылықтарына өтеусіз 10 (он) млн. теңгеден бөлу мәселесін қарау ұсынылсын.

2. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпарациясы Кеген ауданының шаруашылықтарына мемлекеттік ресурстардан 1-ге 1,1 есебімен 1997 жылдың астығынан қарызға қайтаратын етіп 2 мың тонна жаздық дәнді дақылдар тұқымын бөлсін.

Дәнді дақылдар қарызы бойынша борышы бар Кеген және Райымбек аудандарының өкімдері оны 1997 жылғы 1 желтоқсанда қайтаруды қамтамасыз етсін.

3. Алматы облысының өкімі малды қыстатуды қамтамасыз ету туралы қосымша шаралар қабылдасын, қысқы мерзімде ауыл мектептерінің, ауруханаларының және басқа да әлеуметтік-мәдени тұрмыстық объектілердің жұмыс істеуіне ерекше көніл бөлсін, халықты азық-түлікпен және күнделікті қажетті тауарлармен қамтамасыз етуді бақылауға алсын.

Премьер-Министр